Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»ММ
«Абай негізгі мектебі» КММ

031117 Абай ауылы
Мектеп көшесі, 17
Тел: 8(71336) 78-6-05
E-mail: abaiosh@mail.ru



Республика Казахстан
Актюбинская область

КГУ «Абайская основная школа»
ГУ «Отдел образования Хромтауского района Управления образования Актюбинской области»

031117 село Абай
ул. Мектеп, 17
Тел: 8 (71336) 78-6-05
E-mail: abaiosh@mail.ru

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Абай негізгі мектебі бойынша
Бұйрықтан көшірме №9н/қ

14 мамыр 2021 жыл

«2020-2021 оқу жылын аяқтау туралы»

2007 жылғы 27 шелдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабы, 14-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №203 бұйрығы негізінде, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 6 мамырдағы №108 бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 13 мамырдағы №219 бұйрығы негізінде орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтау мынадай деп белгіленсін:
   1) МАД тобы, 1-9 сынып оқушыларына оқу сабақтарының аяқталуы – 2021 жылғы 25 мамыр;
   2) 9 сыныпта білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары – 2021 жылғы 28 мамыр мен 05 маусым аралығында.
   3) 2020-2021 оқу жылын осы бұйрықтың талаптарына, «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізіміндегі №5191 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары сәйкес аяқтауға қамтамассыз етілсін.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
   9 сыныпта білім алушылар үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
   1) Қазақ тілінен эссе нысанында жазбаша емтихан – 2021 жылғы 28 мамыр;
   2) Математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2021 жылғы 02 маусым;
   3) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2021 жылғы 05 маусым.
3. 9 сыныптың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2021 жылғы 11-19 маусым аралығында өткізілсін.
4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2021 жылғы 19 маусымға дейін жалғастырсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры А.А.Нургалиева